

**Алматы қаласының жерлерін нысаналы мақсатта пайдалану жіктемесін бекіту туралы**

***Күші жойған***

Алматы қаласы әкімдігінің 2013 жылғы 13 ақпандағы № 1/85 қаулысы. Алматы қаласы Әділет департаментінде 2013 жылғы 11 наурызда № 971 болып тіркелді. Күші жойылды - Алматы қаласы әкімдігінің 2014 жылғы 1 сәуірдегі N 2/211 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Алматы қаласы әкімдігінің 01.04.2014 № 2/211 қаулысымен.**

Қазақстан Республикасының Жер кодексінің 8 бабына және Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңына сәйкес Алматы қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Жерлерді нысаналы мақсатта пайдалану жіктемесі осы қаулының қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. Алматы қаласы әкімдігінің «Жерлерді нысаналы мақсатта пайдалану жіктемесін бекіту туралы» 2008 жылғы 1 желтоқсандағы № 6/937 қаулысының (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 799 болып тіркелген, 2008 жылғы 31 желтоқсандағы «Вечерний Алматы» газетінің № 156-157 санында және 2008 жылғы 31 желтоқсандағы «Алматы ақшамы» газетінің № 152-153 санында жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

3. Осы қаулы Алматы қаласы Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген кезден бастап күшіне енеді және оны алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің орынбасары В. Долженковқа жүктелсін.

Алматы қаласының әкімі *А. Есімов*

**Енгізуші:**

А л м а т ы қ а л а с ы  
Ж е р қ а т ы н а с т а р ы  
басқармасының бастығы Қ. Қашқымбаев

**Келісілді:**

А л м а т ы қ а л а с ы  
әкімінің орынбасары В. Долженков

А л м а т ы                      қ а л а с ы                      С ә у л е т  
ж ә н е                      қ а л а                      қ ұ р ы л ы с ы  
басқармасының бастығы                      Ғ. Садырбаев

А л м а т ы                      қ а л а с ы                      ә к і м і                      а п п а р а т ы  
заң бөлімінің меңгерушісі                      А. Қасымова

А л м а т ы                      қ а л а с ы                      ә к і м д і г і н і н  
2013                      ж ы л ғ ы                      «13»                      а қ п а н д а ғ ы                      №                      1/85  
қаулысына қосымша

**Алматы қаласы аумағының аймақтарға  
бөлінуіне сәйкес жерлерді нысаналы  
мақсатта пайдалану жіктемесі.**

**Жерлердің категориялары – елді мекен жерлері**

Аймақ түрінің индексі	Жер учаскелері аумағының функционалды мақсатының (пайдалану) түрі	Жер учаскелері аумағының функционалды мақсатының (пайдалану) үлгісі	Жер учаскелеріндегі ғимараттардың және құрылыстардың (жайлар) функционалды мақсатының (пайдалану) түрі	Жер учаскелеріндегі ғимараттардың және құрылыстардың (жайлар) функционалды мақсатының (пайдалану) үлгісі	Жер учаскесінің нысаналы мақсаты	Жер учаскесінің мақсат код
1	2	3	4	5	6	7
1. (Ж)	Тұрғын үй құрылысы	Тұрғын	Жеке тұрғын үй	Өмір сүру үшін	Жеке тұрғын үйді пайдалану және қызмет көрсету	1.1
		Тұрғын және тұрғын емес	Шағын кәсіпкерлік объектілері бар жеке тұрғын үй	Рұқсат етілген қызмет көрсету түрлеріне арналған ғимаратта (жайда) өмір сүру және кәсіпкерлік қызметімен айналысу үшін	Шағын кәсіпкерлік субъектілері үшін - жеке тұрғын үй мен тұрғын емес ғимаратқа (жайға) қызмет көрсету	1.2
		Тұрғын	Қоршалған тұрғын үй	Өмір сүру үшін	Тұрғын үйді пайдалану және қызмет көрсету	1.3
			Шағын кәсіпкерлік объектілері бар қоршалған жеке тұрғын үй		Шағын кәсіпкерлік субъектісі үшін - тұрғын үй мен тұрғын емес	1.4

		Тұрғын және тұрғын емес	Рұқсат етілген қызмет көрсету түрлеріне арналған тұрғын емес жайларда өмір сүру және кәсіпкерлік қызметімен айналысу үшін	Ғимаратты пайдалану және қызмет көрсету	1.5.
		Көп пәтерлі (көп қабатты) тұрғын үй. Көпфункционалды тұрғын үй		Салушы үшін - көп қабатты ғимаратты пайдалану үшін (көп функционалды тұрғын үй кешені)	1.5.
		Көппәтерлі (көп қабатты) тұрғын үй. Көпфункционалды тұрғын үй	Рұқсат етілген қызмет көрсету түрлеріне арналған тұрғын емес жайларда өмір сүру және кәсіпкерлік қызметімен айналысу үшін	Шағын кәсіпкерлік субъектісі үшін – жайды пайдалану және қызмет көрсету	1.5.
		Қонақүй, мотель	Рұқсат етілген қызмет көрсету түрлеріне арналған тұрғын емес жайларда уақытша өмір сүру және кәсіпкерлік қызметімен айналысу үшін	Уақытша өмір сүруге арналған ғимараттарды, жайларды (объектілерді) пайдалану және қызмет көрсету	1.6
1.(Ж)	Тұрғын үй құрылысы	Тұрғын және тұрғын емес	Еңбек шарты бойынша жұмыс істейтін адамдардың, оқу кезеңінде студенттер (курсанттар, аспиранттар) мен оқушылардың, сондай-ақ, жатақхананың меншік иесі немесе иесімен еңбек	Жатақхана	1.7

				шарты бар басқа да адамдардың уақытша тұруы үшін . Рұқсат етілген қызмет көрсету түрлеріне арналған тұрғын емес жайларда кәсіпкерлік қызметімен айналысу үшін	Жатақхананы пайдалану және қызмет көрсету	
2.(О)	Қоғамдық іскерлік құрылыс	Қоғамдық	Әкімшілік ғимарат (жай): (мемлекеттік мекеме, агенттік, консулдық, өкілдік, нотариалдық кеңсе, банк, биржа, кеңсе , қоғамдық ұйым, кәсіпорын, баспа ( типографиясыз) басқа да қосалқы шаруашылық-тұрмыстық және техникалық ғимарат және құрылыс	Басқару функцияларын жүзеге асыру үшін	Әкімшілік ғимаратты құрылысты, жайды пайдалану және қызмет көрсету үшін	2.1
2.(О)	Қоғамдық іскерлік құрылыс	Қоғамдық	Ғылыми - зерттеу институтының объектілері: әкімшілік корпус, лабораториялық корпус, басқа да құрылыстар мен ғимараттар	Ғылыми - зерттеу жұмыстарын жүзеге асыру үшін	Ғылыми - зерттеу институтының ғимаратын (тарын), құрылысын (тарын) пайдалану және қызмет көрсету үшін	2.2
			Денсаулық сақтау объектілері: аурухана, госпиталь, перзентхана, клиника, медициналық орталық, медициналық жедел жәрдем станциясы , қан құю станциясы, диспансер, емхана, диагностикалық орталық, консультация беру, амбулатория, сүт кухнясы, дәрігерлік-косметологиялық салон, оптика дүкені, дәріхана, дәріханалық қоймалар, медициналық жабдықтар қоймасы және басқа да құрылыстар мен ғимараттар	Медициналық қызметтерді көрсету үшін	Денсаулық сақтау ғимаратын, құрылысын, жайларын ( объектілерін) пайдалану және қызмет көрсету	( 2.3

			<p>Медициналық-әлеуметтік қамтамасыз ету объектісі : мүгедектердің, жұмыссыздар мен үйі жоқтардың еңбек қабілеттілігін қалпына келтіру медициналық-әлеуметтік орталығы, қарттарға арналған интернат үйі, балалар интернат үйі, психикасы және психоневрологиясы бұзылған мүгедектігі бар ересектер мен балаларға арналған интернат үйі және басқа да құрылыстар мен ғимараттар</p>	<p>Әлеуметтік қамтамасыз ету қызметін көрсету үшін</p>	<p>Медициналық-әлеуметтік қамтамасыз ету ғимаратын, құрылысын, жайларын (объектілерін) пайдалану және қызмет көрсету</p>	<p>( 2.4</p>
2.(О) Қоғамдық іскерлік құрылыс	Қоғамдық	<p>Білім беру объектілері: жоғарғы оқу орны, колледж, кәсіптік-техникалық училище, лицей, гимназия, жалпы білім беретін мектеп, оқу полигоны, оқу комбинаты, қайта даярлау және біліктілікті көтеру курстары, оқушылар сарайы, оқушылар үйі, жас техниктер станциясы, жас натуралистер станциясы</p>	<p>Білім беру қызметін көрсету үшін</p>	<p>Білім беру ғимаратын, құрылысын, жайларын (объектілерін) пайдалану және қызмет көрсету</p>	<p>( 2.5</p>	
		<p>Бөбекхана, балабақша, балалар бақшасы - бөбекхана, балалар комбинаты</p>	<p>Мектепке дейінгі тәрбие беру бойынша қызмет көрсету үшін</p>	<p>Мектепке дейінгі тәрбие беру ғимаратын, құрылысын, жайларын (объектілерін) пайдалану және қызмет көрсету</p>	<p>( 2.6</p>	
		<p>Ғибадат үйі (ғимараты): мешіт, шіркеу, синагога, костел, монастырь, Медресе, шіркеу мектебі, жексенбілік мектеп. Қайырымдылық мекемелері:</p>	<p>Діни салттарды өткізу үшін, рухани білім беру үшін, қайырымдылық</p>	<p>Дін ғұрыпты мақсаттағы ғимаратты құрылысын, жайларын (объектілерін) пайдалану және қызмет көрсету</p>	<p>2.7.</p>	
				<p>Рухани оқу мекемесі ғимаратын, жайларын (объекті</p>		

		жұмыссыздар, үйі жоқтар және кәрілерге арналған интернат үйі, балалар интернат үйі, пана	мақсаттар үшін	- лерін) пайдалану және қызмет көрсету	2.7.
				Қайырымдылық мекемесі ғимаратын, жайларын (объектілерін) пайдалану және қызмет көрсету	2.7.
		Спорт объектілері: әмбебап спорттық-көрсермен залы (Спорт сарайы), стадион, жабық арена, спорт залы, манеж, жабық су стадионы, шаңғымен секіруге арналған трамплин, жүзу бассейні, теннис корты, ипподром, ату тирі, спорт кешені, велотректер, жасанды мұз аренасы, спорттық-техникалық клуб, жабдықталған спорт алаңы, фитнес клуб, аквапарк, ролик аренасы, би залы	Спортпен шұғылдану және дене шынықтыру, халыққа қызмет көрсету және кәсіпкерлік қызметін жүзеге асыру үшін	Спорт ғимаратын, жайды пайдалану және қызмет көрсету үшін	2.8
		Мәдениет және өнер объектілері: театр, цирк, филармония, мәдениет үйі, клуб, мәдениет орталығы, кинотеатр, мұражай, көрме залы, кітапхана, қосалқы ғимарат (құрылыс, павильон)	Мәдениет және өнер саласында қызмет көрсету, кәсіпкерлік қызметін жүзеге асыру үшін	Мәдениет (және өнер) ғимаратын, мәдени-көріністік мекемелерді пайдалану және қызмет көрсету	2.9
		Сауда, қоғамдық тамақтану, тұрмыстық қызмет көрсету объектілері: сауда және ойын-сауық орталығы (жерастыларды қоса), сауда үйі, әмбебап дүкен, азық-түліктік емес тауарлар дүкені, азық-түлік			

2.(О)	Қоғамдық іскерлік құрылыс	Қоғамдық	тауарлар дүкені, мамандандырылған дүкен, аспаздық-дүкен, мейрамхана, кафе, асхана, бар, дәмхана, бистро, кафетерий, қоғамдық тамақтану павильоны, биллиард ойнайтын орын, тұрмыстық қызмет көрсету комбинаты, киім және аяккиім тігу және жөндеу ательесі, тұрмыстық техника жөндеу объектісі, жиһаз салондары, шаштараз, фотосалон, химиялық тазалаудың қабылдау пункттері, кір жуатын орын, химиялық тазалау фабрикасы (цехы), монша кешені, монша, ақша айырбастау пункті, ломбард	Сауда, қоғамдық тамақтану, тұрмыстық қызмет көрсету саласында қызмет көрсету, халыққа қызмет көрсету, кәсіпкерлік қызметін жүзеге асыру үшін	Халыққа қызмет көрсету ғимаратын (жайды) пайдалану және қызмет көрсету	2.10
			Қалалық нарық (базар): ашық (жабулы)	Қызмет көрсету және сауда қызметін жүзеге асыру үшін	Базарды пайдалану және қызмет көрсету	2.11
3.(П)	Өндірістік құрылыс	Өнеркәсіптік-өндірістік	Өнеркәсіп объектілері: завод, фабрика, өнеркәсіптік корпус, цех, тұрмыстық корпус, әкімшілік-өнеркәсіптік ғимарат, өндірістік-қосалқы ғимарат (ғимарат)	Қызмет көрсету және сауда қызметін жүзеге асыру үшін	Өнеркәсіптік-өндірістік ғимаратты (құрылысты) пайдалану және қызмет көрсету	3.1
		Өндірістік-қойма	Өнеркәсіптік-қойма құрылыстары: қойма ғимараттары, көкөніс сақтау орны, бункер, резервуар, тоңазытқыш және басқа да құрылыстар	Қызмет көрсету және кәсіпкерлік қызметін жүзеге асыру үшін	Өндірістік-қойма ғимараттарын (құрылыстарын) пайдалану және қызмет көрсету	3.2
3.(П)	Өндірістік құрылыс	Коммуналдық	Коммуналдық шаруашылық объектілері: өрт сөндіру депосы, жерлеу бюросы, қоғамдық дәретхана және басқа да құрылыстар	Қызмет көрсету және кәсіпкерлік қызметін жүзеге асыру үшін	Коммуналдық шаруашылық объектілерін (құрылыстарын) пайдалану және қызмет көрсету	3.3
			Темір жол транспорты объектілері: темір			

4.(Т)	Көлік, байланыс және электрмен камтамасыз ету	Көлік	<p>жолдар, темір жол вокзалы, депо, тарту қосалқы станциясы, жөндеу - өндірістік шеберханасы, әкімшілік-тұрмыстық ғимарат, өндірістік-қосалқы ғимарат (құрылыс)</p>	Қызмет көрсету және кәсіпкерлік қызметін жүзеге асыру үшін	Темір жол транспорты объектісін (объектілерін) пайдалану және қызмет көрсету	4.1
			<p>Әуе транспорты объектілері: аэровокзал, әуежай, диспетчерлік пункт, шеберхана және авиатранспорт құралдары жабдықтарын жөндеу бойынша қосалқы құрылыстар, ангар, багаж-жүк және басқа да аэронавигациялық объектілер мен құрылыстар</p>	Қызмет көрсету және кәсіпкерлік қызметін жүзеге асыру үшін	Әуе транспорты объектісін (объектілерін) пайдалану және қызмет көрсету	4.2
			<p>Автомобиль транспорты объектілері: әкімшілік-тұрмыстық ғимарат, автовокзал, автобекет, автобус паркі, диспетчерлік пункт, автотранспорт құралдарын техникалық байқаудан өткізу орталықтары, көп деңгейлі көлік жолайрығы, жолдар, өту жолдары, халыққа қызмет көрсету объектілерін орналастыру мүмкіндігі бар жерасты өткелдері. Көлік жуу орны, автотұрақ, автопаркинг, көлік қоятын орын, көлікжай, дөңгелек жөндеу пункті және осы мақсатқа бағытталған объектілерді орналастыру. Автомобильге жанармай құю станциясы (АЖС), техникалық қызмет</p>	Қызмет көрсету және кәсіпкерлік қызметін жүзеге асыру үшін	Автомобиль транспорты объектісін (объектілерін) пайдалану және қызмет көрсету	4.3.
					Автомобиль транспортына қызмет көрсету бойынша ғимараттарды, құрылыстарды, жайларды (объектісін) пайдалану және қызмет көрсету	4.3.
					Автомобильге жанармай құю станциясы, техникалық қызмет көрсету станциясы	4.3.



			көрсету станциясы (ТҚС) және осы мақсатқа бағытталған объектілерді орналастыру	ғимаратын пайдалану және қызмет көрсету		
4.(Т)	Көлік, байланыс және электрмен қамтамасыз ету	Көлік	Электрлі транспорт объектісі: трамвай депосы, троллейбус депосы, метрополитен станциясы, тарту қосалқы станциясы, әкімшілік-тұрмыстық ғимарат, диспетчер пункті, жөндеу-өндірістік шеберханасы, халыққа қызмет көрсету объектілерін орналастыру мүмкіндігі бар метрополитен станциясы	Электрлі транспортқа қызмет көрсету және кәсіпкерлік қызметін жүзеге асыру үшін	Электрлі транспорт объектісін ( объектілерін) пайдалану және қызмет көрсету	4.4
			Құбыр желісі транспорты объектісі: Жылу энергиясы орталығы ( ЖЭО), жерүсті және жерасты жылу жүйесі, қазандық, жылу пункті, жылу камерасы, градирня, жерүсті су бөгеті, жерасты су бөгеті, су тазалау қондырғылары , тегеурінді су мұнарасы		Құбыр желісі транспорты объектісін ( объектілерін) пайдалану және қызмет көрсету	4.5.
			Насостық су құбырлары, газ құбыры, мұнай құбыры, сумен қамтамасыз ету станциясы, канализациялық насос станциясы, жауын суларын механикалық тазалау станциясы, жауын суларын биологиялық тазалау станциясы, газ бөлу станциясы, газ бөлу пункті, газ толтыру станциясы, газгольдерлер. Мұнай-газ сақтау орны, жерүсті және жерасты ғимараттары, құрылыстар, ғимараттар,	Құбыр желісі транспортына қызмет көрсету және кәсіпкерлік	Құбыр желісі транспортының өндірістік-қойма объектісін (	4.5.

			құрылғылар және басқа да құбыр желісі транспорты объектісі	қызметін жүзеге асыру үшін	объектілерін) пайдалану және қызмет көрсету	
4.(Т)	Көлік, байланыс және электрмен қамтамасыз ету	Көлік	Аспалы (арқан) жолаушылар жолы объектісі: станциялар, желі тіректері, өткелдер, сақтандырғыш құрылғылар (желілер және көпірлер), аспалы қатты тартылған жолдарға арналған эстакадалар және галереялар	Аспалы (арқан) жолаушылар жолына қызмет көрсету және кәсіпкерлік қызметін жүзеге асыру үшін	Аспалы (арқан) жолаушылар жолы объектісін пайдалану және қызмет көрсету	4.6
		Коммуникациялық	Байланыс, телевидение, радио хабарларын, акпарат тарату объектілері: радиостанция, телеорталық, спутниктік байланыс ғимараты, почтаamt, телеграф, пошта бөлімшелері, автоматты телефон станциясы және басқа да ғимараттар	Байланыс қызметін көрсету және кәсіпкерлік қызметін жүзеге асыру үшін	Байланыс объектісін пайдалану және қызмет көрсету	4.7.
					Телерадиотарату объектісін пайдалану және қызмет көрсету	4.7.
					Пошта объектісін пайдалану және қызмет көрсету	4.7.
Электрмен қамтамасыз ету	Электрмен қамтамасыз ету объектілері: ГРЭС, суэлектр станциясы, электр қосалқы станциясы, тарату пункті, трансформаторлық қосалқы станция, трансформаторлық пункт, электр тасымалдау желілері, оның ішінде жерасты желілері мен оның қорғау аймақтары	Электрмен қамтамасыз ету қызметін көрсету және кәсіпкерлік қызметін жүзеге асыру үшін	Электрмен қамтамасыз ету объектісін пайдалану және қызмет көрсету	4.8		
			Ортақ пайдалану объектілері: сауда шатырлары, дүңгіршек, жарнама құрылғысы, аялдама пункті және басқа да қызмет көрсету объектілері		Уақытша типтегі құрылыс тарды пайдалану және қызмет көрсету үшін	5.1

5.(Т)	Ортақ пайдалану жерлері	Ортақ	Алаңдар, көшелер, жаяу жүргіншілер жолы, көше бойындағы окшауланған белдеулер, жолдардың жиегі, жағалаулар, саябақтар, гүлзарлар, тоғайлар, желекжолдар, су айдындары, жағажайлар және басқа да объектілер	Халық мұқтаждықтарын қанағаттандыру үшін	Көркейту үшін	5.2.
6.(Р)	Ерекше қорғалатын табиғи аумақ, емдеу, рекреациялық және тарихи-мәдени мақсаттағы жерлер	Ерекше қорғалатын	Рекреациялық мақсаттағы объектілер: табиғи саябақ, қорық	Табиғат қорғау іс-шараларын жүзеге асыру үшін	Табиғи саябақты (қорықты) пайдалану және қызмет көрсету	6.1
			Тарихи-мәдени мақсаттағы объектілер: Тарихи ескерткіштер (мемориалдық кешен)	Ғылыми, мәдени-ағартушылық, оқу, туристік мақсаттар үшін	Тарихи ескерткішті (мемориалдық кешенді) пайдалану және қызмет көрсету	6.2
			Сауықтыру мақсатындағы объектілер: курорт, санаторий, емдеу - сауықтыру орны, демалыс үйі, пансионат, жазғы балалар лагері және басқа да құрылыстар	Медициналық және сауықтыру қызметін көрсету және кәсіпкерлік қызметін жүзеге асыру үшін	Сауықтыру мақсатындағы кешен ғимаратын пайдалану және қызмет көрсету	6.3
7.(Р)	Гидротехникалық және су шаруашылығы құрылыстары орналасқан су айдындарының және акваторияның аумағы	Су қоры	Объектілер: су шаруашылығы құрылыстары	Қызмет көрсету және халық мұқтаждықтарын қанағаттандыру үшін	Су шаруашылығы құрылыстарын пайдалану және қызмет көрсету	7.1
			Ауылшаруашылығы мақсатындағы объектілер: шаруа қожалығы	Шаруа қожалығын жүргізу үшін	Шаруа қожалығы	8.1

8.( СХ)	Ауыл шаруашылығы мақсатында пайдалану	Ауыл шаруашылығы	Ауыл шаруашылығы объектісі: жылыжайлар, оранжерея және басқа да құрылыстар	Ауыл шаруашылығы өнімін өндіру үшін	Ауыл шаруашылығы мақсатындағы объектілерді пайдалану және қызмет көрсету	8.2
			Бағбандық объектісі: бақ, бақша үйі, саяжай учаскесі, саяжай үйі	Бағбандық жүргізу үшін	Бағбандық	8.3
9.( НТ)	Қала құрылысы қызметіне тартылмаған резерв тегі жерлер	Резервтегі	Белгілі қызмет түрімен айналысуға тыйым салынған, кейіннен оларды басқа қызмет түрлері үшін пайдалануға арналған аумақтар	Резервке қою үшін	Резерв	9.1
10.( С)	Арнайы мақсаттағы	Арнайы	Арнайы мақсаттағы объектілер: мәйітхана, крематорий, зират, мал қорымы, тұрмыстық қалдықтарды тастайтын жерлер, арнайы нормативтер және ережелерді, санитарлық-қорғау аймақтарын белгілемейінше пайдалануға болмайтын тазалау құрылғылары	Арнайы мақсатта	Арнайы мақсаттағы объектіні пайдалану және қызмет көрсету үшін	10.1
11.( РТ)	Қорғаныс қажеттіліктері және өзге де пайдалану режимдері үшін арналған аумақ	Қорғаныс және өзге де пайдалану режимдері	Қорғаныс және өзге де пайдалану режимдерінің объектілері	Қорғаныс және өзге де пайдалану режиміндегі объектілер	Қорғаныс және өзге де пайдалану режимдегі объектілерді пайдалану және қызмет көрсету	11.1

### Е с к е р т у :

\* Жер учаскесін нысаналы мақсатта пайдалану Қазақстан Республикасының «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы», «Лицензиялау туралы» заңнамаларына сәйкес шаруашылық жүргізетін субъектілердің міндеттері мен функцияларын ескере отырып айқындалады.